

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ пәнінен АШЫҚ САБАҒЫ

Сынып: 8 «А»

Мұғалім : Жалакова Л.К.

Тақырып: Табиғат-тал бесігің, аялай біл!	Ресурстар: (құралдар, мәліметтер)	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
Сабақтың тақырыбы: Табиғат - тал бесігің, аялай біл! Сабақтың құндылығы: Дұрыс әрекет Сабақтың қасиеті: Ұқыптылық, мейірімділік, жауапкершілік; Сабақтың мақсаты: 1. Оқушылардың табиғат – тіршілік бастауы, адам табиғаттың бір бөлшегі екендігін, табиғат заңдылықтарын сақтау туралы түсініктерін кеңейту. 2. Оқушыларды табиғат тазалығын сақтауға, табиғатпен үндестік таба білуге үйрету, бағыт беру, ойларын дамыту. 3. Оқушыларды ізгілікті, жауапкершілікті, ұқыпты болуға тәрбиелеу. Сабақтың міндеті: Оқушылардың табиғатпен үйлесімділік, табиғатты аялау туралы түсініктерін кеңейту. Ресурстар: (құралдар, мәліметтер, қосымша әдебиеттер)	Белсенді тақта, плакаттар, маркер, суреттер.		
«Жақсы» тақырыбындағы ширату – ойынын ойнауды ұсынамын (балалар шеңберде тұрады): Күннің шыққаны жақсы ма? (күнді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Желдің соққаны жақсы ма? (желді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Достарыңмен жүрген жақсы ма? (адымдайды) Анаңды құшақтаған жақсы ма? (өздерін құшақтайды) Жақсы! (алақандарын соғады) Туған өлкеде жақсы ма? (құшақтарын жаяды) Жақсы! (алақандарын соғады) Үйіміз бар жерде жақсы ма? (үйді бейнелейді)	1 мин	Ойынның сөздерін айтады	Қимыл жасайды, көрсетеді

Жақсы! (алақандарын соғады) Биде айналған жақсы ма? (айналады) Жақсы! (алақандарын соғады) Қазақстандық болған жақсы ма? (бас бармақтарын көрсетеді) Жақсы! (алақандарын соғады)			
Сабақ барысы: 1. Оңтайлы күйге келу кезеңі. Тыныштық сәті. «Табиғат-адамзатқа аманат» (Тыныштық менің ойым, сезімдерім, жан - дүниемде, тыныштық... бүкіл әлемде). Тыныштық сәті «Күнге ұқсау» Қане, бәріміз бізге нұрын шашып тұрған Күнге ұқсайық! (Баяу әуен қойылады) • Мұғалім: Біз барша тіршілікке жылу мен жарық шашқан Күннің көзіне айналдық... Күннің көзі болып жарқыраған басымыз тек жақсылық ойлайды. Күннің жылуымен рахаттанған қолдарымыз тек жақсы істер жасайды. Жап - жарық сәуле шашқан аяқтарымыз тек дұрыс жолмен жүреді. Күннің жарығы аузымызға да кірді, ол – тек шындықты айтады. Ал, құлағымыз жақсы сөздерді естиді. Мандайымызға жеткен жарық сәулемен бірге ең сүйікті адамдарға, отбасына, әлемге, жануарларға, табиғатқа жылы сәулемізді сыйлап, іштей жақсы тілектер тілейік. Қандай тілектер тілейміз?(ойланамыз) Осындай тыныштықта сәл отыра тұрайық. Қандай керемет жан тыныштығы! Енді жайлап көздеріңізді ашуға болады.	3 мин	Музыканы қосады (баяу музыка қою)	Оқушылар тыңдайды
«Топқа бөлу» «Жапырақтар», «Ағаштар», «Гүлдер», «Өзен» Құрастырған суреттерінде нені көріп тұрсындар? Бір сөзбен айтқанда бұл не ? Табиғат көріністері Сабақтың тақырыбы:Табиғат-тал бесігің,аялай біл! Казір біз табиғат сөзінің әр әрпінен басталатын табиғатқа,табиғат құбылыстарына байланысты сөз,сөз тіркесін құрастырамыз. Мысалы:т- теңіз толқыны,тамаша тоғай	1мин 3 мин	Суреттерді үстелдің үстіне қою	Оқушылар қолдарына алған суреттері бойыша топқа бөлінеді

Мұғалімнің сөзі : Қоршаған ортаның бір-бірімен өзара әрекеттестігі туралы түсінік- «өмір сүру» деген ұғыммен тең. Қоршаған орта неғұрлым таза болса, адамның денсаулы мықты, көңіл – күйі көтеріңкі болады. Ауаның, жер мен судың табиғи таза қасиеттерінің қолайсыз өзгерістерге ұшырауы- қоршаған ортаның ластануы. Яғни жер бетіндегі тазалықты сақтамау атмосфераның азондық қабатының әлсіреуіне әкеп соғады. Атмосфера жер бетіндегі тірі ағзаларды күннің ультракөгілдір сәулелерден, ғарыштық сәулелерінен, метеориттерден, ғарыштық тозақдардан қорғайды. Атмосфералық ауа - адамның, жан-жануарлардың, өсімдіктердің тыныс алу көзі. Сондықтан атмосфераны өндірістік, тұтыну қалдықтарынан, табиғи апаттардан қорғау керек. Табиғат тазалығын сақтау- адамның өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау деген сөз. Сондықтан адам мен табиғат арасындағы қатынас ізгілік пен үйлесімділікте құрылуы шарт.	2 мин		
Салықовтің Арал кеуіп кетпесін! Олеңін тыңдау	1 мин		Оқушы оқып береді
Бейнеролик көрсету «Табиғатты қорғайық, аялайық».	5 мин	Бейнероликті қосады	Бейнероликті тамашалайды
Табиғаттың қандай мәселелері қазіргі кезде бүкіл адамзатты толғандырып отыр? Жер бітінде табиғи апаттардың етек алып кету себебі неде? Табиғатты сақтап, қорғау үшін не қажет? Табиғат тазалығын сақтауда адамның ролі қандай? Табиға тірі жан сияқты өзіне зәбір көрсеткенде қиналуы мүмкін бе?	7 мин	Әр топқа сұрақ қойылады	Сұраққа жауап береді
Дәйексөз: Сабақта дәйексөз ретінде алынған «табиғат біздің анамыз, біз табиғатқа панамыз» деген мақалдың мағынасын қалай түсінетіндерін ортаға салып талқылау және оқушылардың ойларымен бөлісу.	3 мин	Бейнероликті қосады	2 рет қыздар қайталайды, 2 рет ұлдар қайталайды
Табиғатқа қанша жақын екінімізді , табиғатта болып жатқан құбылыстарды біз де «сезініп» көрейік , аудиозаписьті тыңдап қандай құбылыс екенін айтып	3 мин	Аудиозаписьті қосады	Оқушылар табиғатта болып жатқан құбылыстарды

беруге тырысайық:өзеннің гүрілі,жаңбырдың жауғаны,т.б,			айтып беруге тырысады
Табиғат обырлықты, озбырлықты көтермейді. Оны мәпелеп баптап, мейіріммен аялау арқылы ғана қажетті үлесінді үзбей ала аласың. Табиғат қазынасын қастерлеген адам ғана ұлы мұратқа жетеді. Өз адамгершілігіңнің салмағын өлшегің келсе, табиғаттың сыр- сыйпатын түсіне білуге әрекет жасап көрші, не ұғынар екенсің? Адам – табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында армай- талмай, жалықпай еңбек ету- барлық үлкен- кішінің абыройлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Бұл ұлы іске сен қандай үлесінді қосасың жас дос?	2 мин		Оқушы оқып береді
Шығармашылық жұмыс: Шығармашылық жұмыс: 1 топ :табиғаттың бізге деген сыйы мол5 мин эссе 2 топ :табиғатты сақтап қалу үшін (жоба құрастыру) 3 топ:табиғат заңдылықтарын бұзу қандай жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін? (Сурет салу) 4 топ:Табиғат-игілік көзі (көрініс көрсету) 5 топ: «Табиғат-алтын бесік» (өлең шығару) Оқушылар постерлерін қорғайды 5 жол өлең Табиғат Тамаша көрікті Аялаймыз күтеміз баптаймыз Табиғат-игілік көзі Жер беті Ө.Тұрманжановтің Туған жер,топырағыңнан айналайын	5 мин 5мин 2 мин	А-3 қағазын таратып береді	Оқушылар шығармашылықпен айналасады Өлең құрастырады

Оқушылар кезек- кезекпен төмендегі пікірді жалғастырып айтады. 1 - ші оқушы: Табиғат - мен үшін қуаныш, өйткені мен табиғаттың сұлулығын көріп қуанамын, шаттанамын, сүйсінемін. 2 - ші оқушы: Табиғат - мен үшін «денсаулық ордасы» сияқты, себебі таза ауамен демалып, саясында асыр салып ойнасақ денсаулығымыз мықты болады деп ойлаймын. 3 - ші оқушы: Табиғат – мен үшін «мәдениет ордасы», себебі табиғатқа серуенге шыққанда табиғаттың тұтастығын бұзбай, әдемілігіне, сұлулығына қарап, мәдениетті болуға тырысамын. 4 - ші оқушы: Табиғат – мен үшін шығармашылыққа жетелейтін тылсым күш сияқты, себебі сұлулыққа жаны құмар адамдар: әншілер ән айтып, күйшілер күйін арнаса, ақындар өлең шығарып, суретшілер суретпен бейнелейді. 5- оқушы : Табиғат - мен үшін ұлы ғалым,себебі Табиғат қандай сұлу, қандай көркем! Сылдырлап бұлақ ағып сай-саладан, Ағаштар жапырақ жайып, қыр көгерген. Табиғат күлімсіреп күніменен, Ән айтар бұл-бұл сайрап түніменен. Көркіне көз тоймайды табиғаттың, Сұлулықты сүйе біл шыныменен.	2мин 1 мин		
Үйге тапсырма: «Табиғатты аялайық» тақырыбына эссе жазып келу.	1 мин		

Өзін-өзі тану сабағының жоспары 8 сынып

Сабақтың тақырыбы: Табиғат - тал бесігің, аялай біл!

Сабақтың құндылығы: Дұрыс әрекет

Сабақтың қасиеті: Ұқыптылық, мейірімділік, жауапкершілік;

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылардың табиғат – тіршілік бастауы, адам табиғаттың бір бөлшегі екендігін, табиғат заңдылықтарын сақтау туралы түсініктерін кеңейту.
2. Оқушыларды табиғат тазалығын сақтауға, табиғатпен үндестік таба білуге үйрету, бағыт беру, ойларын дамыту.
3. Оқушыларды ізгілікті, жауапкершілікті, ұқыпты болуға тәрбиелеу.

Сабақтың міндеті: Оқушылардың табиғатпен үйлесімділік, табиғатты аялау туралы түсініктерін кеңейту.

Ресурстар: (құралдар, мәліметтер, қосымша әдебиеттер)

Сабақтың барысы:

1. Оңтайлы күйге келу кезеңі. Тыныштық сәті.

(Тыныштық менің ойым, сезімдерім, жан - дүниемде, тыныштық... бүкіл әлемде).

Тыныштық сәті «Күнге ұқсау»

Қане, бәріміз бізге нұрын шашып тұрған Күнге ұқсайық!

(Баяу әуен қойылады)

• Мұғалім: Біз барша тіршілікке жылу мен жарық шашқан Күннің көзіне айналдық... Күннің көзі болып жарқыраған басымыз тек жақсылық ойлайды. Күннің жылуымен рахаттанған қолдарымыз тек жақсы істер жасайды. Жап - жарық сәуле шашқан аяқтарымыз тек дұрыс жолмен жүреді. Күннің жарығы аузымызға да кірді, ол – тек шындықты айтады. Ал, құлағымыз жақсы сөздерді естиді. Маңдайымызға жеткен жарық сәулемен бірге ең сүйікті адамдарға, отбасына, әлемге, жануарларға, табиғатқа жылы сәулемізді сыйлап, іштей жақсы тілектер тілейік. Қандай тілектер тілейміз?(ойланамыз) Осындай тыныштықта сәл отыра тұрайық. Қандай керемет жан тыныштығы! Енді жайлап көздеріңізді ашуға болады.

2. Үй жұмысын тексеру:

*Адамдар табиғатқа неліктен залал келтіреді?

*Табиғат та жылай ма?

*Табиғат заңдылықтарын бұзу қандай жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін? Бейнефильм көрсету: «Табиғатты қорғайық, аялайық!»

Сабақ барысын толықтыру:

Бейнефильм көрсету:

«Табиғатты қорғайық, аялайық!»

3. Өңгімелеу (сұхбат)

*Назар аудару: «Барша байлықтың анасы – Жер» Ы. Жақаевтың нақыл сөзін оқу, мағынасын ашу, түсіну.

*Қ. Толыбаев «Қайыңның қасіреті» мәтінмен жұмыс.

*К. Салықов «Арал кеуіп кетпесін!» өлеңді мәнерлеп, түсініп оқу.

* «Арал: Кеше. Бүгін. Ертең» бейнефильм көрсету

*Қазақстанның физикалық картасы

*Бейнефильм «Арал: Кеше. Бүгін. Ертең»

4. Дәйексөз

«Адам табиғатқа тәуелді болса,

Табиғат та оған тәуелді» А. Франс

*«Табиғат тазалығы - адамзат амандығы» деген қанатты сөздің мағынасын қалай түсінеміз?

*Табиғаттың тепе - теңдігінің бұзылуы қандай жағдайға апарып соқтыруы мүмкін?

5. Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс:

*Адам – табиғаттың ең сенімді серігі, айнымас досы, қамқоршысы.

(Оқушылардың ой - пікірі, көзқарасы, пайымдауларын тыңдау)

1 - ші оқушы: Табиғат - мен үшін қуаныш, өйткені мен табиғаттың сұлулығын көріп қуанамын, шаттанамын, сүйсінемін.

2 - ші оқушы: Табиғат - мен үшін «денсаулық ордасы» сияқты, себебі таза ауамен демалып, саясында асыр салып ойнасақ денсаулығымыз мықты болады деп ойлаймын.

3 - ші оқушы: Табиғат – мен үшін «мәдениет ордасы», себебі табиғатқа серуенге шыққанда табиғаттың тұтастығын бұзбай, әдемілігіне, сұлулығына қарап, мәдениетті болуға тырысамын.

4 - ші оқушы: Табиғат – мен үшін шығармашылыққа жетелейтін тылсым күш сияқты, себебі сұлулыққа жаны құмар адамдар: әншілер ән айтып, күйшілер күйін арнаса,

ақындар өлең шығарып, суретшілер суретпен бейнелейді.

*«Табиғатты қорғау - өзіңді қорғау» ойтолғау жазу

*Табиғатқа менің айтар тілегім...(оқушылардың тілектерін тыңдау)

*Табиғатты қорғау туралы мақал - мәтелдер мен қанатты сөздерді жатқа айту,
мағынасын ашып түсіндіру.

*Дәптермен жұмыс

Түрлі - түсті қаламдар мен ақ қағаздар;

6. Үй тапсырмасы:

Ашық сабақ

Тақырыбы: «Табиғат – тал бесігің, аялай біл!»

Өткізген: Өзін - өзі тану пән мұғалімі

Қайрбаева Бибісұлу.

2014-2015

Бекітемін:

Мерзімі: 19. 02. 2015ж **Тақырып:** «Табиғат – тал бесігің, аялай біл!»

Құндылық: кешірімділік, кішіпейілдік. **Қасиеттер:** Мейірімділік, адалдық.

Мұғалім: Қайырбаева Бибісұлу. **Сыныбы:** 8 «Б»

Сабақтың мақсаты: оқушылардың табиғатпен үйлесімділік, табиғатты аялау туралы түсініктерін кеңейту.

- Оқушылардың табиғат тіршілік бастауы, адам табиғаттың бір бөлшегі екендігі, табиғат заңдылықтарын сақтау туралы түсініктерін кеңейту;
- Оқушыларды табиғат тазалығын сақтауға, табиғаттан үндестік таба білуге үйрету;
- Ізгілікті, жауапкершілікті, ұқыпты болуға тәрбиелеу.

Ресурстар: (құралдар, мәліметтер)

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі. 5 Т-ны еске түсіру.

1 Тәртіп

2 Талап

3 Тыныштық

4 Тазалық

5 Татулық

Тыныштық сәті. «Орманға ойша серуен» (музыка әуені)

2. Үй тапсырмасын сұрау

«Табиғат тазалығы» өлеңін оқып талқылау.

- Табиғат тазалығын сақтауда адамның рөлі қандай?

- Табиғат тірі жан сияқты, өзіне зәбір шектіргенде қиналуы мүмкін бе?

Сабақ барысын

талқылау:

балалардың ойы мен денесі сергітіледі.

2. Дәйексөз.

«Адам табиғатқа тәуелді болса, Табиғат та оған тәуелді»

Дәптерлеріне жазып алады.

2. Әңгімелеу (сұхбат)

Табиғаттың қандай мәселелері қазіргі кезде барша адамзатты толғандырып отыр?

Жер бетіндегі табиғи апаттардың етек алып кету себебі неде?

Табиғатты сақтап қорғау не үшін қажет?

Мұғалім сыйы «Қазақстан экологиясы» атты бейнетаспаны қарап талқылау.

Біздің әрқайсысымыз қандай үлес қоса аламыз?

Бұл бейнетаспаны көре отырып қандай ой түйдік?

Жаңа ақпарат

«Адам баласы жаратылысынан табиғатпен етене жақын өмір сүріп келеді. Адам өзіне қажеттісінің бәрін табиғаттан алады. Табиғат адам үшін жайлы мекен, барлық игіліктердің бастауы.

Адамзаттың әлемде алатын орны зор. Сондықтан адамзат ғылым мен техниканы пайдаланудың жаңа стратегиясын жасамай, өзін-өзі құртып алуы мүмкін. «Табиғат тазалығы- адамзат амандығы» екенін естен шығармау керек.

Адамзаттың басты міндеті – табиғат қуат көздерін орнымен пайдалану, оның әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, мейірімділік нұрын шашу».

Өз ойларын ортаға салады.

2. Шығармашылық жұмыс,

Тапсырма.

Оқушылар тапсырма бойынша ұсынылған мәтінмен танысып , «Табиғат – біздің анамыз, Біз – табиғатқа панамыз!» деген тақырыпта пікірталас өткізу.

Табиғат обырлықты, озбырлықты көтермейді. Оны мәпелеп баптап, мейіріммен аялау арқылы ғана қажетті үлесінді үзбей ала аласың. Табиғат қазынасын қастерлеген адам ғана ұлы мұратқа жетеді. Өз адамгершілігіңнің салмағын өлшегің келсе, табиғаттың сыр- сыйпатын түсіне білуге әрекет жасап көрші, не ұғынар екенсің?

Адам – табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында армай- талмай, жалықпай еңбек ету- барлық үлкен- кішінің абыройлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Бұл ұлы іске сен қандай үлесінді қосасың жас дос?

Постер қорғау.

Күнделікті өмірде біз табиғатқа қандай пайда келтірудеміз?

Күнделікті өмірде біз табиғатқа қандай зиян келтірудеміз?

Бірге ойлаймыз

1. Табиғаттың жақсаруына адамдар қандай көмек көрсете алады?
2. Табиғат аясында тәртіп пен тазалықты сақтау неліктен қажет деп ойлайсыңдар?
3. Табиғат неліктен әрі мейірімді, әрі қатал?
4. Табиғатқа өз қарым-қатынастарыңды қалай білдіресіңдер?
5. Адамның табиғат алдындағы парызы неде?

6. Табиғаттың адамға берер пайдасы мен табиғатқа келтірер зияны қандай?

Оқушылар бірігіп тапсырманы орындайды.

2. **Топпен ән айту.**

«Табиғатым» әні.

1 Бұл-бұлдар сайраса есіңе ал

Өмірдің сырласу кеші бар

Сүюді білмейтін адамдар

Осынау өмірде несі бар

Қайырмасы:

Табиғатым

Махаббатым

Табиғатым

Махаббатым

2 Табиғат сыйладың, гүл болдың

Сол гүлдің арты басқада

Сол гүлге арнаймын барлығын

Әнімді жырымды аңсаған

3 Мен сені сағынам көктемде

Аққу қаз төбемнен өткенде

Шерлі бір домбыра дірілден

Әсем бір ән-күйлер төккенде

Бәрі бір дауыста ән шырқайды.

2. Үй тапсырмасы.

Дәптердегі тапсырманы аяқтау.

«Табиғатты қорғау – өзінді қорғау» атты тақырыпта эссе жазып келу.

Күнделіктеріне жазып алады.

2. Соңғы тыныштық сәті.

Көзімізді жұмып, еркін жайғасайық. Енді, бүгін өткен сабағымыздан нені түсіндік, қандай сабақ алдық сол жөнінде ойланайық. Осының барлығын жүрегімізге салып , көкейімізге түйіп алайық. Іштей «Мен табиғатты қорғаймын, аялаймын, қамқор боламын» деп қайталаймыз. Жайлап көздеріңізді ашуға болады. Бүгінгі керемет сабақ үшін рахмет!

Қорыту.

«Сұрақтар жәшігі» Түсінбеген сұрақтарды жазып салу, келесі сабақта соған жауабын алады.

Ойы мен денесі сергітіледі

Сабақтан көрініс

7. Топпен  н айту:  . Хасанғалиев «Бозторғайым»